

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасында көлік саласында ынтымақтасу принциптері және өзара қарым-қатынастар шарттары туралы Келісім

Келісім, Алматы қ., 1992 жылғы 16 қыркүйек

*** Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2003 ж., N 10, 69-құжат.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі, бұдан былай Тараптар деп аталады, көлік саласында ынтымақтастықты онан әрі дамытуға ұмтыла отырып, екі мемлекет арасында жүк тасымалдау және жолаушылар қатынасын, сондай-ақ олардың аумақтары бойынша үшінші елдерге (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын қоса есептегенде) аялдап өту ісін жүзеге асыруды жақсартуға ниеттеніп, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар барлық көлік түрлері мен олардың инфрақұрылымы саласында өзара экономикалық әрі ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамытып, тереңдете береді.

2-бап

Әрбір Тарап өз аумағында өзара сыйласу принципінде екі мемлекет арасында жолаушылар мен жүк тасымалдауды және олардың аумақтары мен әуе кеңістігінде аялдап өтуге қолайлы жағдайлар жасауды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін болады.

3-бап

Осы келісімге қатысушы мемлекеттер арасында жолаушыларды, жүк тасымалдауды ұйымдастыру, көлік құралдарының қозғалысы, сондай-ақ олардың аумақтары мен әуе кеңістігінде аялдап өтудің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдары мен Беларусь Республикасы заңдарының талаптары ескеріліп, көлік түрлері бойынша жеке келісімдермен анықталады.

4-бап

1. Тараптар көлік жұмысын реттеу жөнінен қолданылып жүрген ережелерді, нұсқауларды, стандарттар мен техникалық шарттарды сақтауға келісті.

2. Екінші Тараптың мүдделеріне қатысты өзгертулер, сондай-ақ жаңа нормативтік құжаттар енгізу Тараптардың құзыретті органдарының арасындағы келісім бойынша ж а с а л а д ы .

3. Тараптар өз аумағында қолданылып жүрген көлік заңдарын бір ізге келтіруге ұмтылатын болады.

5-бап

Тараптар екінші Тараптың мүдделеріне қол сұқпай, көлік саласында басқа мемлекеттермен келісімдер жасасу хұқығын өзіне қалдырады және келісім жасаса қалған ретте бұл туралы екінші Тарапқа хабарлайды.

6-бап

Тараптар екі мемлекеттің көлік және жол шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдарының тікелей экономикалық байланыстарды дамытуына жәрдемдесуге келісті.

7-бап

Тараптар көлік инженерлерін, техниктерін, көпшілікке арналған кәсіптердің мамандарын оқытып-үйрету және оларды даярлаудың бірыңғай талаптарын әзірлеу саласында ынтымақтасу туралы уағдаласты, ал оқу орнын тәмамдау туралы берілген біліктілік құжаттары екі мемлекеттің аумағында бірдей заңды күшке ие болады.

8-бап

Екі мемлекеттің көлік ұйымдары мен фирмалары арасындағы төлемдер мен есеп айырысулар Тараптар арасында есеп айырысулар мен төлемдер туралы келісімдерге сәйкес жүргізілетін болады.

9-бап

Осы Келісім бойынша, сондай-ақ екі Тарап та мүше болып табылатын халықаралық келісімдер бойынша реттелмеген мәселелер әрбір Тараптың ішкі заңдарына сәйкес шешіледі.

10-бап

1. Осы Келісімді орындау мақсатымен, сондай-ақ тасымалдау ісінде екі мемлекет арасында қиыншылықтар туа қалған ретте Тараптардың уәкілдері тікелей байланыс жасайды және өзара тиімді шешімдер әзірлеу үшін қажеттігіне қарай екіжақты к е ң е с т е р ж ү р г і з е д і .

2. Осы Келісімге өзгертулер мен толықтырулар хаттамалармен рәсімделеді, олар Тараптар бекіткеннен немесе келісілгеннен кейін Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

11-бап

Бұл Келісім оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және ол Тараптардың бірі Келісімнің күшін тоқтату туралы өз ниетін нота арқылы екінші Тарапқа хабарлаған күннен бастап 90 күн өткенше күшін сақтайды.

Келісім Алматы қаласында 1992 жылғы 16 қыркүйекте екі дана болып, әрқайсысы қазақ, белорус және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық текстердің күші бірдей.

(Қолдары)